

Бірыңғай бюджеттік жіктемеге N 49 өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2001 жылғы 28 сәуірдегі N 223 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 2 мамырда тіркелді. Тіркеу нөмірі 1488.

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі N 177 Z010177_ Заңына және "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 U010543_ жарлығына сәйкес бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ "Бірыңғай бюджеттік жіктемені бекіту туралы" бұйрығына келесі өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік жіктемесіне:

бюджет кірістерінің жіктемесіне:

"101104 Резидент емес заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы" деген жолдан кейін мынадай редакциядағы жолдармен толықтырылсын:

"101105 Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша шикізат секторының ұйымдары-заңды тұлғаларынан алынатын табыс салығы

101106 Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша шикізат секторының ұйымдарымен резидент заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы

101107 Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша шикізат секторының ұйымдарымен резидент емес заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы";

"105102 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге салынатын қосылған құн салығы" деген жолдан кейін мынадай редакциядағы жолмен толықтырылсын:

"105103 Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша шикізат секторы ұйымдарының өндірген шикізат тауарларына, көрсеткен қызметтеріне салынатын қосылған құн салығы";

"105312 Жануарлар әлемін қорғағаны және ұдайы көбейткені үшін ақы" деген жолдан кейін мынадай редакциядағы жолдармен толықтырылсын:

"105322 Шикізат секторы ұйымдарының (Қазақстан Республикасының Үкіметі

белгілеген тізбесі бойынша заңды тұлғалардың) үстеме пайдасына салынатын салық

105325 Шикізат секторы ұйымдарының (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбесі бойынша заңды тұлғалардың) түсетін бонустар

105326 Шикізат секторы ұйымдарының (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша заңды тұлғалардың) түсетін роялтилер

105328 Шикізат секторы ұйымдарының (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбесі бойынша заңды тұлғалардың) жасалған келісім-шарттар бойынша өнімдер бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі";

"205110 Жергілікті бюджетке түсетін салыққа жатпайтын өзге де түсімдер" деген жолдан кейін мынадай редакциядағы жолдармен толықтырылсын:

"205111 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан республикалық бюджеттің шикізат секторының ұйымдары-заңды тұлғаларынан алынатын табыс салығы бойынша шығындарын өтеу түрінде түсімдер

205112 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан республикалық бюджеттің шикізат секторының ұйымдарымен резидент заңды тұлғаларынан алынатын, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы бойынша шығындарын өтеу түрінде түсімдер

205113 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан республикалық бюджеттің шикізат секторының ұйымдарымен резидент емес заңды тұлғаларынан алынатын, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы бойынша шығындарын өтеу түрінде түсімдер

205114 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан республикалық бюджеттің шикізат секторының ұйымдарына салынатын қосылған құн салығы бойынша шығындарын өтеу түрінде түсімдер

205115 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан республикалық бюджеттің шикізат секторы ұйымдарының үстеме пайдасына салынатын салық бойынша шығындарын өтеу түрінде түсімдер

205116 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан республикалық бюджеттің шикізат секторының ұйымдарынан түсетін бонустар бойынша шығындарын өтеу түрінде түсімдер

205117 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан республикалық бюджеттің шикізат секторының ұйымдарынан түсетін роялтилер бойынша шығындарын өтеу түрінде түсімдер

205118 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан республикалық бюджеттің шикізат секторының ұйымдарынан алынатын, жасалған келісім-шарттар бойынша өнімдер бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі бойынша шығындарын өтеу түрінде түсімдер

205119 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан жергілікті бюджеттің шикізат секторының ұйымдары-заңды тұлғаларынан алынатын табыс салығы бойынша шығындарын өтеу түрінде түсімдер

205120 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан жергілікті бюджеттің шикізат

секторының ұйымдарымен резидент заңды тұлғаларынан алынатын, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы бойынша шығындарын өтеу түрінде түсімдер

205121 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан жергілікті бюджеттің шикізат секторының ұйымдарымен резидент емес заңды тұлғаларынан алынатын, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы бойынша шығындарын өтеу түрінде түсімдер

205122 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан жергілікті бюджеттің шикізат секторының ұйымдарымен резидент заңды тұлғаларынан алынатын, жасалған келісім-шарттар бойынша өнімдер бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі бойынша шығындарын өтеу түрінде түсімдер";

"501505 Мемлекеттік студенттік несиелер бойынша өтеу" деген жол

мынадай редакцияда жазылсын:

"501508 Мемлекеттік студенттік несиелер бойынша өтеу".

2. Заң қызметі (Қ. Әбдіқалықов) және Бюджет (Б. Сұлтанов) департаменттері осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таратылады.

Министрдің
міндетін атқарушы

Мамандар:

Икебаева Ә.Ж.

Жұманазарова А.Б.